

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 97 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 82 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.02.2015 № 82 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері бюджет қаражатының уақтылы және мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

1 7

а қ п а н д а ғ ы

№

9 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге

берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен халықты әлеуметтік қорғауға және оған көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «2014 – 2016 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің мынадай:

100 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізу»;

101 «Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру» кіші бағдарламаларын қоспағанда, 038 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалалары бюджеттеріне халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін айқындайды.

3. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі шараларды қаржыландыруды және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыратын еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық уәкілетті орган;

2) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары – өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар және табысы аз адамдар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарды мемлекеттік қолдаудың мемлекет Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын шаралары;

3) ассистенттер – шартты ақшалай көмек алу үшін кент, село, селолық округ әкіміне (бұдан әрі – селолық округ әкімі) жүгінген үміткермен консультациялар өткізу, әңгімелесу, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын іске асыру кезеңінде адамды (отбасын) сүйемелдеу, атқарылған

жұмыс туралы мониторинг жүргізу және есеп жасау үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі шарт негізінде тартатын адамдар;

4) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке адамдарға (отбасыларға) мемлекет ақшалай нысанда беретін төлем;

5) өтініш берілген күні – барлық қажетті құжаттармен уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш берілген ай;

6) өтініш беруші (үміткер) – «Өрлеу» жобасына қатысу үшін өз атынан және отбасы атынан өтініш білдіретін адам;

7) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар – шартты ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш білдірген үміткермен консультациялар өткізу, әңгімелесу, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын іске асыру кезеңінде адамды (отбасын) сүйемелдеу, атқарылған жұмыс туралы мониторинг жүргізу және есеп жасау үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі шарт негізінде тартатын, халықты әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы органдары мен ұйымдарының және өзге де ұйымдардың мамандарымен өзара іс-қимыл жасайтын адамдар;

8) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі – ШАК) – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем;

9) «Өрлеу» жобасы – отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның), әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасыға (адамға) шартты ақшалай көмек беру бағдарламасы;

10) жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

11) отбасының жиынтық табысы – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылы 28 тамызда № 5757 болып тіркелген) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесіне сәйкес есептелетін, шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш берген айдың алдындағы 12 айда ақшалай, сол сияқты заттай нысанда алынған табыстың

ж а л п ы

с о м а с ы ;

12) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысатын және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

13) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – «Өрлеу» жобасына қатысу үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

14) арнаулы әлеуметтік қызметтер – «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өмірде қиын жағдайға тап болған еңбекке қабілетті адамға немесе отбасы мүшелеріне туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды қамтамасыз ететін және оның қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған қызметтер кешені;

15) уәкілетті орган – шартты ақшалай көмек тағайындауды, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын әзірлеуді, жасасуды және сүйемелдеуді жүзеге асыратын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы;

16) облыстың уәкілетті органы – «Өрлеу» жобасын іске асыруды үйлестіруді және оның мониторингін жүзеге асыратын облыстың жергілікті атқарушы органының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;

17) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия.

5. Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне халықты әлеуметтік қорғауға және көмек көрсетуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мынадай бюджеттік кіші бағдарламалар бойынша пайдаланылады:

103 «Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру» (бұдан әрі – 103 кіші бағдарлама);

104 «Өрлеу жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» (бұдан әрі – 104 кіші бағдарлама).

6. Республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі Нысаналы

трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімнің, белгіленген тәртіппен бекітілген 038 бюджеттік бағдарлама мен 103 және 104 кіші бағдарламаларды қаржыландырудың жеке жоспарының негізінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді аударуды жүргізеді.

2. 2014 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының облыстық бюджеттерінің «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге пайдалану тәртібі

7. Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының бюджеттеріне «Өрлеу» жобасы бойынша ШАК-ті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер :

- 1) ШАК төлеуге ;
- 2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттердің қызметтеріне ақы төлеуге ;
- 3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттердің іссапар шығыстарына ;
- 4) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттарды оқытуға ;
- 5) баспа, оның ішінде ақпараттық-түсіндіру сипатындағы өнімдерді шығаруға пайдаланылады .

8. Облыстың уәкілетті органы келіп түсетін нысаналы трансферттерді мынадай бюджеттік бағдарламалар бойынша көздейді:

047 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер» ;

048 «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу».

047 «Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізуге арналған ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстың уәкілетті органы аудандардың бюджеттеріне, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне аударуды заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізеді.

048 «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша әлеуметтік жұмыстар жөніндегі консультанттарды оқытуға арналған шығыстар жүргізіледі.

9. Уәкілетті орган келіп түсетін нысаналы трансферттерді 025 «Өрлеу»

жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша қарастырады. Аталған бағдарлама бойынша осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген шығыстар (әлеуметтік жұмыстар жөніндегі консультанттардың біліктілігін арттыруға арналған шығыстарды қоспағанда) жүргізіледі.

ШАК төлеу осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген мөлшерде 025 «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасының тиісті кіші бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

10. ШАК отбасының еңбекке қабілетті мүшелерінің (адамның) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен беріледі.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын және ШАК төленетін кезеңде атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

11. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған ШАК мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бұл ретте, жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегінен төмен отбасына ШАК төлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) отбасының жан басына шаққандағы табысы мен облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма жергілікті бюджет қаражаты есебінен (025 «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасының 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасы бойынша) қаржыландырылады;

2) облыстарда (республикалық маңызы бар қалада, астанада) белгіленген кедейлік шегі мен ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма – республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен (025 «Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасының 011 «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» кіші бағдарламасы бойынша) жүзеге асырылады.

ШАК алушылардың шоттарына төлемдер 025 ««Өрлеу» жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті енгізу» бюджеттік бағдарламасының екі кіші бағдарламасы бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Жан басына шаққандағы орташа табыс ШАК тағайындауға өтініш берген айдың алдындағы 12 айда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және он екі айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін

арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралайды.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, ШАК мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған сәттен бастап қайта есептеледі, бірақ оны тағайындаған сәттен бұрын емес.

ШАК отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және ай сайын төленеді.

12. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары инфрақұрылымдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, оқыту және ерікті қоныс аудару және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы қаулысымен бекітілген Жұмыспен қамту 2020 жол картасы және жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын өзге де бағдарламалардың шеңберіндегі мемлекеттік қолдау шаралары арқылы отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуды көздейді.

13. Отбасы мүшелерін (адамдарды) әлеуметтік бейімдеу олардың жеке мұқтажына байланысты қолданыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамаға сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылған әлеуметтік қолдаудың өзге де шараларын көздейді.

14. Үміткер «Өрлеу» жобасына қатысу үшін жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе ол болмаған жағдайда селолық округ әкіміне жүгінеді.

15. Уәкілетті орган, селолық округ әкімі не ассистент үміткерге «Өрлеу» жобасына қатысу шарттары туралы консультация береді және үміткер қатысуға келісім берген жағдайда әңгімелесу жүргізеді.

Әңгімелесу жүргізу кезінде:

- 1) үміткердің ШАК алуға құқығы;
- 2) отбасы мүшелеріне олардың жеке мұқтаждықтары ескеріле отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;
- 3) Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдем көрсету шаралары айқындалады.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағы ресімделеді.

16. Әңгімелесу парағына қол қойған үміткер «Өрлеу» жобасына қатысуға өтініш пен осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы

т у р а л ы

м ә л і м е т т е р ;

3) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат;

4) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы, немесе селолық округ әкімінің анықтамасы;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер.

17. Егер өтініш беруші өтініш берген сәтте мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алушы болып табылса, сондай-ақ оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде осы Қағидалардың 16-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап е т і л м е й д і .

Осы Қағидалардың 16-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді селолық округ әкімі қалыптастырады.

18. Осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттар: селолық округ әкіміне өтініш берген кезде – салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады;

уәкілетті органға өтініш берген кезде – түпнұсқада ұсынылады, олар сканерленеді және өтініш берушіге қайтарылады, ал электрондық құжаттар уәкілетті орган қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен к у ә л а н д ы р ы л а д ы .

Осы Қағидалардың 16-тармағының 2), 5) тармақшаларында көрсетілген үміткер толтыратын құжаттар түпнұсқада ұсынылады.

Уәкілетті орган құжаттардың электрондық көшірмелері мен мәліметтердің сапасын және олардың өтініш беруші ұсынған құжаттардың түпнұсқасына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

19. Өтініш беруші тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін оның қатысуымен уәкілетті органның қызметкері үміткердің және отбасы мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелерге сұрау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды жүзеге асырған уәкілетті орган өтінішті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға тіркейді, содан кейін өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар үзбелі талон беріледі.

20. Мемлекеттік органдар немесе ұйымдар өтініш беруші туралы сұратылған мәліметтердің жоқ екенін растайтын электрондық құжаттарды ұсынған немесе

ақпараттық жүйелердегі мәліметтер өтініш беруші ұсынған мәліметтермен сәйкес келмеген кезде уәкілетті орган екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттардың түпнұсқаларын және мемлекеттік органдардың және/немесе ұйымдардың ақпараттық жүйелеріндегі өзі туралы мәліметтерді сәйкес келтіруге келісімі туралы өтінішті ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етеді.

Егер өтініш беруші хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде құжаттардың түпнұсқаларын ұсынбаса, уәкілетті орган осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша себептерін көрсете отырып, «Өрлеу» жобасына қатысуға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы оны хабардар етеді.

21. Өтініш беруші құжаттардың түпнұсқалары мен жоғарыда көрсетілген келісім туралы өтінішті ұсынған кезде уәкілетті органның қызметкері құжаттардың түпнұсқаларын сканерлейді және «Ақпараттық жүйелердегі жеке тұлға туралы мәліметтерді сәйкес келтіру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 сәуірдегі № 372 қаулысына сәйкес келтіру үшін мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға жібереді.

22. Уәкілетті орган немесе селолық округ әкімі құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде іс макетін қалыптастырады және «Өрлеу» жобасына қатысуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияларға береді.

23. Учаскелік комиссиялар құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру актісін жасайды, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындайды және оны уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне береді.

24. Селолық округ әкімі өтініш берушілердің құжаттарын учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса, олар қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

25. Уәкілетті орган:

1) құжаттарды селолық округ әкімінен немесе учаскелік комиссиядан алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған өтініштің, құжаттардың электрондық көшірмелері бар өтініш берушінің электрондық іс макетін қалыптастырады, отбасының әрбір мүшесіне арналған ШАК-тың айлық мөлшерін айқындайды;

2) ШАК-ке құқығы айқындалғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіні және (немесе) өз бетімен жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар санатына жатқызылған отбасы мүшелерін, табысы аз адамдар қатарындағы еңбекке қабілетті жастағы адамдарды осы Қағидалардың 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001

жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуға әлеуметтік келісімшарт жасау үшін жұмыспен қамту орталығына жібереді не жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларына жолдама б е р е д і .

Бұл ретте, уәкілетті орган жіберілген адамдардың тізімін жұмыспен қамту орталығына береді. Жұмыспен қамту орталығы үміткерлердің тізімін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік келісімшарт (келісімшарттар) жасасады және әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін уәкілетті органға жібереді;

3) әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін нысанға сәйкес отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады;

4) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты жасалған күні осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды және ШАК тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы (себептерін көрсете отырып) хабарлама жібереді.

26. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты өтініш берушімен бірлесе отырып әзірленеді, ол мыналарды қамтиды:

1) тараптардың «Өрлеу» жобасына қатысу міндеттемелері;

2) Ш А К м ө л ш е р і ;

3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары;

4) әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шаралар (отбасы құрамында мұндай бейімдеуді қажет ететін адамдар болған жағдайда).

27. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты бір жылға , бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, ШАК мөлшері қайта қаралмайды.

28. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге беріліп, осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркеу журналына қол қойғызылады, екіншісі –

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде сақталады.

29. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысу:

- 1) үш жасқа дейінгі балаларға;
- 2) он алты жасқа дейінгі мүгедек балаға;
- 3) бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға күтімді жүзеге асыратын отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылмайды.

30. Уәкілетті орган ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдердің негізінде алушыға ШАК төлеуге қоюды жүзеге асырады.

31. ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш беруші уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне өзі келген кезде беріледі.

32. ШАК төлеуді уәкілетті орган алушылардың банктік шотына аудару
а р қ ы л ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

33. Уәкілетті орган республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында:

қайтыс болғандар мен қайтыс болды деп жарияланғандардың тізімдерін ай сайын салыстырып тексеруді, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі органдары, селолық округтер әкімдері ұсынатын «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорында қайтыс болды деп тіркелгендерді және әділет органдары ұсынатын Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткендердің тізімдерін ағымдағы айдың 25-күнінен кешіктірмей электрондық салыстырып тексеруді;

банктік шоттарында үш және одан да көп ай бойы қозғалыс жоқ ШАК алушылардың тізімдерін соңғы операцияның күнін көрсете отырып, тоқсан сайын салыстырып тексеруді жүргізеді.

34. Уәкілетті орган ШАК төлемдерін осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шешімнің негізінде тоқтата тұрады.

ШАК төлемдерін тоқта тұру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) «Өрлеу» жобасына қатысушының отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін о р ы н д а м а у ы ;

2) жалған мәліметтер беруіне байланысты отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшартының бұзылуы;

3) алушының банктік шоты бойынша үш айдан астам қозғалыстардың б о л м а у ы ;

4) ШАК алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі туралы мәліметтердің, оның ішінде «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

5) қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы

мәліметтердің, оның ішінде «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан келіп
т ү с у і ;

б) оралманның жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің
ө т і п к е т у і ;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен,
іздеуде жүрген адамдар фактісінің, оның ішінде «Жеке тұлғалар» мемлекеттік
д е р е к қ о р ы н а н а н ы қ т а л у ы ;

8) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген
адамдар туралы мәліметтердің түсуі.

35. Уәкілетті орган ШАК алушылар бойынша қолда бар деректердің негізінде
ШАК төлеуге бюджеттік қаражат қажеттілігін қалыптастырады.

36. Жұмыспен қамту орталығы «Жұмыспен қамту» автоматтандырылған
ақпараттық жүйесінің базасында әлеуметтік келісімшарттардың орындалуына ай
сайын және тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

37. Ассистенттер ай сайын, есептіден кейінгі айдың 5-не дейін осы
Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасының белсенділігін
арттыру әлеуметтік келісімшартын сүйемелдеу туралы есепті уәкілетті органға
ұ с ы н а д ы .

38. Уәкілетті орган «Әлеуметтік көмек: АӘК, МБАЖ, ШАК»
автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен, әлеуметтік-еңбек саласының
бірыңғай ақпараттық жүйесінен, Жұмыспен қамту орталығынан алынған
ақпараттардың, сондай-ақ ассистенттерден алынған есептердің негізінде
жасалған отбасының белсенділігін арттыру келісімшарттары мен әлеуметтік
келісімшарттарға, сондай-ақ азаматтардың ШАК-пен қамтылуына ай сайын
мониторинг жүргізеді және облыстың уәкілетті органына осы Қағидаларға 16
және 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есептіден кейінгі айдың 10-нан
к е ш і к т і р м е й ұ с ы н а д ы .

39. Республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісі «Зейнетақы төлеу
жөніндегі мемлекеттік орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны жанындағы әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесі
базасында «Өрлеу» жобасының іске асырылуы бойынша ай сайын мониторинг
ж ү р г і з е д і .

40. Ақмола, Шығыс Қазақстан және Жамбыл облыстарының әкімдері
жартыжылдық қорытындылары бойынша есептіден кейінгі айдың 30-нан
кешіктірмей және жыл қорытындылары бойынша есептіден кейінгі екінші айдың
15-нен кешіктірмей нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы
келісімге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол
жеткізілген тікелей және соңғы нәтижелер туралы есепті республикалық
бюджеттік бағдарлама әкімшісіне ұсынады.

3. Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2014 - 2016 жылдарға арналған республикалық бюджеттен мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

41. Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-қимыл жоспарын іске асыруға арналған нысаналы трансфертер :

1) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жол белгілері мен сілтегіштерді орнатуға;

2) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жүргіншілер өткелдерін дыбыстық құрылғылармен жабдықтауға;

3) «Инватакси» қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға ;

4) жаңалықтар телебағдарламаларының трансляциялануын сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз етуге пайдаланылады.

42. Республикалық бюджеттен қаражат бөлу жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен былайша жүзеге асырылады:

1) 43-тармақтың 1), 2), 4) тармақшалары бойынша іс-шараларды іске асыруға қажетті көлемнің 80 %-ы республикалық бюджеттен, 20 %-ы жергілікті бюджеттен ;

2) 43-тармақтың 3) тармақшасы бойынша іс-шараларды іске асыруға қажетті көлемнің 50 %-ы республикалық бюджеттен, 50 %-ы жергілікті бюджеттен.

43. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері келіп түсетін нысаналы трансферттерді мынадай бюджеттік бағдарламалар бойынша:

1) м ы н а :

«Инватакси» қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттерді одан әрі аудару үшін 045 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы ;

«Инватакси» қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін облыстық деңгейде шығыстарды қаржыландыру үшін 046 « Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту

жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру» бюджеттік бағдарламасы арқылы 256 «Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

2) жаңалықтар телебағдарламаларын трансляциялауды сурдоаудармамен сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін 077 «Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру» бюджеттік бағдарламасы арқылы 263 «Облыстың ішкі саясат басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

3) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жол белгілері мен сілтегіштерді орнатуға және жүргіншілер өткелдерін дыбыстық құрылғылармен жабдықтауға аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттерді одан әрі аудару үшін 045 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы арқылы 268 «Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

4) мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдардың орналасқан жерлерінде жол белгілері мен сілтегіштерді орнатуға және жүргіншілер өткелдерін дыбыстық құрылғылармен жабдықтауға аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттерді одан әрі аудару үшін 076 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруға ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы арқылы 281 «Облыстың құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

5) «Инватакси» қызметтерін дамытуға мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру үшін 045 «Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру» бюджеттік бағдарламасы арқылы 355 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша;

